

**"Солтүстік Қазақстан облысы аумағында "Солтүстік Қазақстан облысы аумағында " Көкшетау" Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы аумағында қорғау аймағы мен табиғатты пайдалану режимін орнату туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 15 ақпандағы N 32 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 9 қыркүйектегі N 243 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2010 жылғы 19 қазанда N 1760 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңы 27-бабы 2-тармағына, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 28-бабына сәйкес облыс әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы аумағында "Көкшетау" Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы аумағында қорғау аймағы мен табиғатты пайдалану режимін орнату туралы» Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 15 ақпандағы № 32 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1641 болып тіркелген, 2007 жылдың 28 ақпаны «Солтүстік Қазақстан», 2007 жылдың 28 ақпаны « Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар енгізілсін:

преамбулада «басқару» сөзінен кейін «және өзін-өзі басқару» сөздерімен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармақта «Айыртау аудан» сөздерінен кейін «, Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы » с ө з д е р і м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары А.С.Сапаровқа ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С. Біләлов*